

**«Kazakhstan Bar Association»  
Заң консультанттары палатасы  
Мүшелерінің Жалпы жиналысының  
2021 жылғы 26 ақпандағы шешімімен  
«БЕКІТІЛДІ»**

**БАЙҚАУШЫ КЕҢЕС ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

## **1 Жалпы ережелер**

- 1.1 Осы «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының (бұдан әрі – Палата) Байқаушы кеңесі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Палатаның Жарғысына сәйкес әзірленген.
- 1.2 Палатаның Байқаушы кеңесі туралы ережені Палата мүшелерінің Жалпы жиналысы жай көпшілік дауыспен бекітеді.
- 1.3 Осы Ереже Палатаның Байқаушы кеңесінің құрылуы мен қызметінің тәртібін айқындайды.
- 1.4 Палатаның Байқаушы кеңесі Палатаны дамытудың стратегиялық бағыттарын әзірлеуге қатысатын Палатаның тұрақты жұмыс істейтін консультативтік органы болып табылады.

## **2 Байқаушы кеңестің құрамын қалыптастыру**

- 2.1 Палатаның Байқаушы кеңесі Басқарманың ұсынысы бойынша Палата мүшелерінің арасынан 3 (үш) жыл мерзімге Палата мүшелерінің Жалпы жиналысы сайлайтын кемінде он жеті адамнан тұрады.
- 2.2 Палатаның мүшесі болып табылмайтын және жұртшылықпен байланыс жасау, білім беру, ғылым мекемелерімен, халықаралық және басқа да бейінді ұйымдармен ынтымақтастықты ұйымдастыру мақсатында келісім бойынша сайланған тұлғалар Байқаушы кеңестің тәуелсіз мүшелері болып есептеледі. Тәуелсіз мүшелер Палатаның Байқаушы кеңесі мүшелерінің үштен екісінен аспауға тиіс.
- 2.3 Байқаушы кеңестің тәуелсіз мүшесі алдымен Байқаушы кеңес отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселелерді объективті қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін болатын және аталған тәуелсіз мүшенің жеке мүддесі мен Палатаның заңды мүдделері арасында қайшылық туындайтын немесе туындауы мүмкін және Палатаның осы заңды мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін болатын мүдделер қақтығысы туралы жазбаша түрде мәлімдеуге міндетті.
- 2.4 Палатаның Байқаушы кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының отырысында Басқарма ұсынады.
- 2.5 Жалпы жиналыста дауыс беруге қатысып отырған Палата мүшелерінің дауыстарының жай көпшілігін жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.
- 2.6 Палатаның Байқаушы кеңесінің отырыстарына Жарғы мен осы Ереженің негізінде әрекет ететін Палатаның Байқаушы кеңесінің Төрағасы төрағалық етеді.
- 2.7 Палатаның Байқаушы кеңесінің Төрағасы Басқарманың шешімімен тағайындалады.
- 2.8 Палатаның Байқаушы кеңесі Төрағасының өкілеттік мерзімі үш жылдан аспауға тиіс.

## **3 Палатаның Байқаушы кеңесі мүшелерінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі**

- 3.1 Палатаның Байқаушы кеңесі мүшесінің мынадай құқықтары бар:
  - 3.1.1 Палатаның Байқаушы кеңесінің отырыстарына қатысу, Палатаның Байқаушы кеңесі отырысының күн тәртібін қалыптастыру, соның ішінде оған қосымша мәселелерді қосу туралы ұсыныстар енгізу;

- 3.1.2 Палатаның Байқаушы кеңесі отырысының қарауына ұсынылған мәселелерді талқылауға қатысу.
- 3.1.3 Палатаның Байқаушы кеңесінің отырыстарының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге қатысу.
- 3.1.4 Палатаның органдарынан олардың қызметі туралы кез келген ақпаратты сұрату және алу.
- 3.1.5 Дауыс беру кезінде Байқаушы кеңестің әр мүшесі бір дауысқа ие.
- 3.2 Палатаның Байқаушы кеңесі мүшесінің міндеттері:
  - 3.2.1 Палатаның Байқаушы кеңесінің отырыстарына қатысу;
  - 3.2.2 Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының және Палатаның Байқаушы кеңесінің шешімдерін орындау.
- 3.3 Палатаның Байқаушы кеңесінің мүшесі бір жыл ішінде Палатаның Байқаушы кеңесінің қатарынан үш отырысына немесе Палатаның Байқаушы кеңесінің екі отырысына дәлелді себепсіз қатыспаған жағдайда, Палатаның Байқаушы кеңесі Жалпы жиналыстың алдағы отырысында мәселе түпкілікті шешілгенге дейін бұл мүшені өзінің құрамынан уақытша шығару туралы шешім қабылдайды. Палатаның Байқаушы кеңесі мүшесінің Палатаның Байқаушы кеңесінің отырыстарына келмеуінің дәлелді себептері деп ауырғаны; қайғылы оқиға; іссапарда болғаны танылуы мүмкін.
- 3.4 Палатаның Байқаушы кеңесінің мүшелері өз қызметін өтемсіз негізде жүзеге асырады.

#### **4 Палатаның Байқаушы кеңесінің құзыреті**

- 4.1 Палатаның Байқаушы кеңесі Палата мүшелерінің Жалпы жиналысына есеп береді.
- 4.2 Палатаның Байқаушы кеңесінің құзыретіне Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының, Палата Басқармасының, Палата Төрағасының және басқару бақылау органының (тексеру комиссиясының, ревизордың) құзыретіне жатпайтын мәселелерді шешу жатады:
  - Палата мүшелерінің қызметін талдау, мемлекеттік билік органдарымен, халықаралық және басқа да бейінді ұйымдармен, жұмыс берушілермен және заң қызметтерін алатын клиенттермен қарым-қатынас, заң консультанттарының кәсіби және әдеп деңгейін арттыру мақсатында оларды кеңінен насихаттау тұрғысындағы озық тәжірибені зерделеу;
  - заң қызметін көрсету саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құжаттарды қоғамдық талқылауды ұйымдастыруға жәрдемдесу;
  - Палата мүшелерінің өздерінің кәсіби қызметін атқару барысында сапасы мен құқықтық мәдениетін арттыру үшін қолайлы жағдай жасау бойынша мемлекеттік билік органдарымен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен тиімді және конструктивтік диалогты қамтамасыз ету үшін Палата мүшелерінің, қоғамдық және басқа да ұйымдардың, іскер топтар өкілдерінің, басқа да кәсіби ұйымдардың мүдделерін біріктіру;
  - атқарушы билік органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, қоғамдық және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және өзара іс-қимыл жасау үшін ашық ақпараттық кеңістік құруға жәрдемдесу, Палатаның қызметі туралы тұрақты және жедел ақпарат беруді қамтамасыз ету;
  - Палатаның қызметін жақсартуға бағытталған ұсынымдар әзірлеу;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Палатаның Жарғысына және осы Ережеге сәйкес өзге де мәселелерді қарау.

## **5 Байқаушы кеңес мүшелерінің өкілеттігін орындау мерзімі**

- 5.1 Мына жағдайларда Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының шешімімен Палатаның Байқаушы кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылады:
- 5.1.1 өкілеттігін жүзеге асыру физикалық тұрғыда мүмкін болмағанда (қайтыс болғанда, хабар-ошарсыз кеткен деп танылғанда, әрекетке қабілетсіз деп танылғанда);
- 5.1.2 Палатаның Байқаушы кеңесінің мүшесі өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш берген, содан кейін Палатаның Байқаушы кеңесі оның отставкасы туралы шешім қабылдаған жағдайда;
- 5.1.3 Палатаның Жалпы жиналысының тиісті шешімі болғанда;
- 5.1.4 тәуелсіз мүшеге қатысты – Палатаның Байқаушы кеңесінің тәуелсіз мүшесі мүдделер қақтығысы туралы мәлімдеу жөніндегі міндетті бұзған және осыған байланысты Палатаның заңды мүдделеріне зиян келтірген жағдайда.
- 5.2 Байқаушы кеңестің мүшелері шектелмеген сан рет бекітілуі мүмкін.

## **6 Байқаушы кеңестің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі**

- 6.1 Палатаның Байқаушы кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ кемінде жарты жылда бір рет шақырылады.
- 6.2 Палатаның Байқаушы кеңесінің отырысы Палатаның Байқаушы кеңесі Төрағасының, Палата Басқармасының, Палата Төрағасының бастамасы бойынша, сондай-ақ Палатаның Байқаушы кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде 1/3 бөлігін құрайтын Палатаның Байқаушы кеңесінің бір топ мүшесінің бастамасы бойынша шақырылады.
- 6.3 Палатаның Байқаушы кеңесінің отырысын өткізудің жоспарланғаны туралы хабарлама Байқаушы кеңестің әр мүшесіне Палатаның Байқаушы кеңесінің отырысы өткізілетін күнге дейін кем дегенде 10 (он) күн бұрын жіберіледі. Палатаның Байқаушы кеңесінің отырысы өткізілетіні туралы хабарламада міндетті түрде мына төмендегі көрсетілуге тиіс:
- 6.3.1 Палатаның Байқаушы кеңесі отырысының өткізілетін уақыты мен орны;
- 6.3.2 Палатаның Байқаушы кеңесінің талқылауына ұсынылатын мәселелер.
- 6.3.3 Палатаның Байқаушы кеңесі отырысын өткізу туралы хабарламаға Палатаның Байқаушы кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты барлық қажетті материалдар қоса тіркеледі.
- 6.4 Палатаның Байқаушы кеңесінің әр мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие.
- 6.5 Егер Палатаның Байқаушы кеңесінің отырысына Палатаның Байқаушы кеңесі мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, аталған отырыс құқықты болады.
- 6.6 Палатаның Байқаушы кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Палатаның Байқаушы кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда Палатаның Байқаушы кеңесі Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 6.7 Палатаның Байқаушы кеңесінің отырыстарын Байқаушы кеңестің Төрағасы, ал ол

болмаған жағдайда Байқаушы кеңестің мүшелері қатарынан өзі тағайындайтын басқа тұлға басқарады.

- 6.8 Байқаушы кеңестің отырыстары көзбе-көз немесе сырттай нысанда өткізіледі. Отырыстың сырттай түрі заманауи ақпараттық телекоммуникациялық технологиялар мен байланыс құралдары пайдаланылып өткізілуі мүмкін.
- 6.9 Егер Байқаушы кеңестің отырысына оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, отырыс шешім қабылдауға құқылы болады. Егер отырыста кворум болмаса, Төраға (төрағалық етуші) отырысты тарату және қайталама отырыстың жаңа күнін, уақытын және орнын белгілеу туралы шешім қабылдайды.
- 6.10 Байқаушы кеңестің отырысында күн тәртібіне енгізілген мәселелер қаралады. Байқаушы кеңес Төрағасының немесе оның мүшелерінің бастамасы бойынша отырыстың күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізу туралы шешім қабылдануы мүмкін. Бұл шешімге отырысқа қатысып отырған Байқаушы кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс беруге тиіс.
- 6.11 Байқаушы кеңес әзірлеген құжаттарды қарауды және бекітуді, сондай-ақ Байқаушы кеңестің ұсынымдарын іске асыруды Басқарма мен Атқарушы орган қамтамасыз етеді.

## **7 Байқаушы кеңес отырысының күн тәртібі және шешім қабылдау тәртібі**

- 7.1 Палатаның Байқаушы кеңесі отырысының күн тәртібіне Палатаның Байқаушы кеңесі Төрағасының, Палата Басқармасының, Палата Төрағасының, Палатаның Байқаушы кеңесі мүшелерінің, сондай-ақ жиынтығында Палата мүшелерінің жалпы санының кемінде 25 %-ын құрайтын Палата мүшелерінің қарауына ұсынылған мәселелер кіргізіледі.
- 7.2 Палатаның Байқаушы кеңесінің алдағы отырысының күн тәртібін қалыптастыру бойынша ұсыныстар Палатаның Байқаушы кеңесіне Палатаның Байқаушы кеңесінің отырысы жоспарланып отырған күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмей кез келген қолжетімді байланыс түрімен жіберілуге тиіс.
- 7.3 Палатаның Байқаушы кеңесінің барлық шешімдері жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең бөлінген жағдайда Палатаның Байқаушы кеңесінің отырысында Байқаушы кеңес Төрағасының дауысы шешуші болады.
- 7.4 Дауыс беру ашық дауыс беру тәсілімен өткізілуге тиіс.
- 7.5 Шұғыл және жедел шешуді қажет ететін мәселелер туындаған жағдайда Палатаның Байқаушы кеңесі Төрағасының бастамасы бойынша Палатаның Байқаушы кеңесінің шешімдерін Палатаның Байқаушы кеңесінің мүшелері арасында шешім қабылдаған адамды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін факсимильді және басқа да коммуникация түрлерін пайдалану арқылы сауалнама жүргізу әдісімен қабылдауға болады.
- 7.6 Палатаның Байқаушы кеңесінің мүшелеріне сауал қою әдісімен дауыс беруді жүргізген кезде Палатаның Байқаушы кеңесінің отырысына төрағалық етуші шұғыл шешім қабылдауды қажет ететін мәселені қалыптастырады және сауалнама жүргізілетін мерзімді белгілейді.
- 7.7 Жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша Палатаның Байқаушы кеңесінің шешімі рәсімделеді. Палатаның Байқаушы кеңесінің шешіміне Палатаның Байқаушы кеңесінің отырысына төрағалық етуші мен хатшы қол қояды.

## **8 Байқаушы кеңес отырыстарының хаттамалары**

- 8.1 Палатаның Байқаушы кеңесі отырысының хаттамасын жүргізуді Байқаушы кеңестің хатшысы ұйымдастыруды, оның функцияларын Палатаның Байқаушы кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.
- 8.2 Палатаның Байқаушы кеңесі отырысының хаттамасында Палатаның Байқаушы кеңесі отырысының өтетін орны, күні, Палатаның Байқаушы кеңесі отырысының түпкілікті күн тәртібі, Палатаның Байқаушы кеңесінің отырысына қатысып отырған мүшелердің немесе олардың өкілдерінің аты-жөні, жарыссөзде сөз сөйлеген Байқаушы кеңес мүшелерінің аты-жөні, шақырылған тұлғалар мен баяндамашылардың аты-жөні, сондай-ақ мәселелерді талқылаудың қысқаша мазмұны, дауыс беру нәтижелері және күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша қабылданған шешім көрсетіледі.
- 8.3 Палатаның Байқаушы кеңесінің отырысының хаттамасына Палатаның Байқаушы кеңесінің Төрағасы мен жиналыс хатшысы қол қояды.

## **9 Қорытынды ережелер**

- 9.1 Осы Ереже Палата мүшелерінің Жалпы жиналысы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.